

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2022, № 3 (99)

3 /2022

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым Комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редакторы:

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа:

Абдырахманов Т.А. (Бішкек, Қырғызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Ресей), Аяған Б.Г. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әбусейітова М.Х. (Алматы, Қазақстан), Әбіл Е.А. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әжіғали С. (Алматы, Қазақстан), Әлімбаев Н. (Алматы, Қазақстан), Жұмағұлов Қ.Т. (Алматы, Қазақстан), Көмеков Б.Е. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Орынбор, Ресей), Мұқтар Ә. (Атырау, Қазақстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смағұлов О.С. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Сыдықов Е.Б. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Уяма Томохико (Саппоро, Жапония)

Жауапты редактор:

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар:

Зікірбаева В.С., Бауыржан С.

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель:
Министерство Образования и науки Республики Казахстан
Комитет Науки
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:
Абдырахманов Т.А. (Бишкек, Кыргызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Россия), Аяган Б.Г. (Нур-Султан, Казахстан), Абусейтова М.Х. (Алматы, Казахстан), Абил Е.А. (Нур-Султан, Казахстан), Ажигали С. (Алматы, Казахстан), Алимбай Н. (Алматы, Казахстан), Жумагулов К.Т. (Алматы, Казахстан), Кумеков Б.Е. (Нур-Султан, Казахстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Оренбург, Россия), Мухтар А. (Атырау, Казахстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смагулов О.С. (Нур-Султан, Казахстан), Сыдыков Е.Б. (Нур-Султан, Казахстан), Уяма Томохико (Саппоро, Япония)

Ответственный редактор
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор
Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь
Зикирбаева В.С., Бауыржан С.

Адрес редакции:
050100, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова
Редакция журнала «Отечественная история»

Ссылка на сайт: <https://otan.history.iie.kz>
Тел.: +7 (727) 272-46-54.
E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал в Министерстве информации и общественного согласия Республики Казахстан
Зарегистрирована 9 марта 1998 г., имеет свидетельство N 158-Ж.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно
делается ссылка на журнал.

Founder:

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Committee of Science
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board:

Abdyrakhmanov T.A. (Bishkek, Kyrgyzstan), Ablazhey N.N. (Novosibirsk, Russia), Ayagan B.G. (Nursultan, Kazakhstan), Abuseitova M.H. (Almaty, Kazakhstan), Abil E.A. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Azhigali S. (Almaty, Kazakhstan), Alimbay N. (Almaty, Kazakhstan), Zhumagulov K.T. (Almaty, Kazakhstan), Kumekov B.E. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Kudryachenko A.I. (Kiev, Ukraine), Lyubichankovsky S.V. (Orenburg, Russia), Mukhtar A. (Atyrau, Kazakhstan), Peter Finke (Zurich, Switzerland), Smagulov O.S. (Nur-Sultan, Kazakhstan), E.B. Sydykov (Nur-Sultan, Kazakhstan), Uyama Tomohiko (Sapporo, Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Technical secretary

Zikirbayeva V.S., Bauyrzhan S.

Editorial office address:

050100, Republic of Kazakhstan,
Almaty, Shevchenko str., 28
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov
Editorial board of the magazine «History of the homeland»

Link to the website: <https://otan.history.iie.kz>

Tel.: +7 (727) 272-46-54.

Email address: otanhistory@gmail.com .

Journal in the Ministry of Information and public consent of the Republic of Kazakhstan
registered on March 9, 1998, has certificate No. 158-Zh.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies,
a link to the magazine is necessarily made.

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2022_3_127

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 1930-ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҚАЛПАҚ ЖЕРІНЕ АУА КӨШУІ
ЖӘНЕ ОҢТҮСТІККЕ ОРАЛУ ТАРИХЫНАН****Қабыл Алғабек Әділбекұлы¹, Нартбаев Шымырбай Жақсыбайұлы¹,
Мамраймов Серік Дәулетұлы^{2*}**¹Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Шымкент, Қазақстан.²Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. Шымкент, Қазақстан.

*Автор корреспондент

E-mail: algabek-kabil@mail.ru (Қабыл), s_dauletuly@mail.ru (Мамраймов)

Түйіндеме. Мақалада 1930-жылдары Кеңес өкіметінің тоталитарлық саясатының нәтижесінде қазақ халқының туған жерінен Қарақалпақстанға ауа көшуі және саяси қысым жұмсарғаннан кейін оңтүстік өлкеге қайта оралулары туралы баяндалады. «Кіші Қазан» идеясы, ұжымдастыру саясаты, байлардың мал-мүліктерін тәркілеу, оларды жер аудару сияқты жағдайлар халыққа күйзеліс әкеліп, қиындықтар туғызды, бұл жергілікті ұлттың амалсыз өзге елдерге ауа көшу мәжбүрлігіне алып келді. Бұл халықтың демографиялық жағдайына қатты әсер еткені белгілі. 1933 жылы Қазақстандағы басқарушы биліктің ауысып, өзгеруімен енді ауа көшіп, босқыншылыққа ұшыраған қазақтарды қайтару шаралары қолға алына бастаған. Оларды бөліп орналастыру бойынша аудандық ұйымдар және Саяси бөлім жетекшілеріне қайта көшіп келушілерге ұқыпты және қамқорлық қатынас орнатуды міндеттеуге мән беріледі.

Мақалада БК(б)П Қазақ өлкелік Комитетінің осындай жүздеген мың ауа көшкендерді өз жерлеріне оралуға ықпал етіп, ұжымшарларға, ЖЭС-терге (ТОЗ) орналастыру жұмыстарына арнайы зерттеулік еңбектер және архив деректері негізінде талдау жасалды. Мұндай мәселелерде архивтердегі құжаттарды жан-жақты қарастырып, жарыққа шығару, ғылыми баға беру, сол арқылы оны көпшіліктің, халықтың танып, білуіне мүмкіндік жасау негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Кілт сөздер: Кеңес өкіметі, әлеуметтік-демографиялық жағдай, ұжымдастыру, геноцид, ауа көшу, босқындар, қуғын-сүргін, Қарақалпақ автономиялы республикасы, БК(б)П Қазақ өлкелік Комитеті, артельдер, ЖЭС, шаруашылықтардың орналасуы.

МРНТИ 03.20.00

**ИЗ ИСТОРИИ ОТКОЧЕВАНИЯ НА КАРАКАЛПАКСКИЕ ЗЕМЛИ И ВОЗВРАЩЕНИЯ
КАЗАХСКОГО НАРОДА НА ЮГ В 1930-Х ГГ.****Қабыл Алғабек Адилбекулы¹, Нартбаев Шымырбай Жақсыбайұлы¹,
Мамраймов Серік Дәулетұлы^{2*}**¹Университет дружбы народов имени академика А. Куатбекова, Шымкент, Казахстан²Южно-Казахстанский государственный педагогический университет. Шымкент, Казахстан.

*Автор корреспондент

E-mail: algabek-kabil@mail.ru (Қабыл), s_dauletuly@mail.ru (Мамраймов)

Аннотация. Идея «Малого Октября», политика коллективизации, конфискация баиских хозяйств, их депортация вызывали большие трудности у населения, что вынуждало местное население откочевать. Известно, что это оказало существенное влияние на демографическое положение народа. В статье описывается вынужденное переселение казахов в 1930-х годах с целью выживания и сохранения своей собственности в результате советской политики по их откочевки с родины, а также процесс возвращения из Каракалпакской Автономной Республики в Южный Казахстан. Рассматривается ход работы районных партийных и советских организаций по документам, протоколам и их копиям Бюро БК(б)П Южно-Казахстанского обкома по возврату хозяйств казахов, возвращающихся из Каракалпакстана. Кроме того, работа Казахского краевого комитета ВКП(б) по возвращению на свои земли около полумиллиона вынужденных откочевавших и их размещению в колхозах была проанализирована на основании данных исследовательских трудов и архивных материалов.

Такой анализ был проведен на основе научных трудов и архивных данных о работе Казахского краевого комитета ВКП(б) по расселению и устройству сотен тысяч вынужденных откочевавших и их

хозяйств, ТОЗ. Одной из основных задач в таких вопросах является тщательное рассмотрение и публикация архивных документов, научная оценка, тем самым доведение ее до всеобщего сведения.

Ключевые слова: Советская власть, социально-демографическая ситуация, коллективизация, геноцид, откочевка, беженцы, репрессия, Каракалпакская Автономная Республика, Казахский краевой комитет ВКП(б), артель, ТОЗ, устройство хозяйств.

IRSTI 03.20.00

FROM THE HISTORY OF MOVING TO THE KARAKALPAK LANDS AND THE RETURN OF THE KAZAKH PEOPLE TO THE SOUTH IN THE 1930s

Kabył Algabek Adilbekuly¹, Nartbayev Shymyrbai Zhaksybaiuly¹,
Mamraimov Serik Dauletuly^{2*}

¹Peoples' Friendship University named after Academician A. Kuatbekov, Shymkent, Kazakhstan

²South Kazakhstan state pedagogical university. Shymkent, Kazakhstan.

*Author correspondent

E-mail: algabek-kabil@mail.ru (Kabył), s_dauletuly@mail.ru (Mamraimov)

Abstract. Since 1925, the idea of "Small October" of the Kazakh regional party committee, the policy of collectivization, the decree on the confiscation of the property of the rich, their deportation forced local residents living in the endless Kazakh steppes to emigrate to other republics and abroad. This greatly influenced the demographic situation of the population. The article describes the forced resettlement of Kazakhs in the 1930s in order to survive and preserve their property as a result of the Soviet policy of their departure from their homeland, as well as the process of returning from the Karakalpak Autonomous Republic to South Kazakhstan. The progress of work of regional party and Soviet organizations according to documents, protocols and their copies of the Bureau of the BC(b)P of the South Kazakhstan Regional Committee for the return of the farms of Kazakhs returning from Karakalpakstan is considered.

In addition, the work of the Kazakh Regional Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks on the return of about half a million forced migrants to their lands and their placement in collective farms was analyzed on the basis of research data and archival materials.

Keys words: Soviet power, socio-demographic situation, collectivization, genocide, migration, refugees, repression, Karakalpak Autonomous Republic, Kazakh regional committee of VKPB, artel, TOZ, organization of farms.

Кіріспе. Қазақстан тарихы қазақ жерінде ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін орын алып, тарихи заң мен заңдылықтарды айқындайтын тарихи оқиғалар, құбылыстар, фактілер, үрдістерді тұтастай түрде зерттейтін ғылым ретінде заманауи түрғыдан әлемдік тарих, еуразиялық континент тарихының, көшпелі өркениеттің, түрік халықтары мен орталықазия аймағының тарихы контекстіндегі интерпретациясында ұсынылады, сонымен қатар оның көпфункционалық рөлі мен маңызы арта түседі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2021 жылдың 5-қаңтар күні «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында Тәуелсіздік құндылығы жастардың жадына біржола шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білуі керек екендігін айта келіп, «Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс» деп атап өткен болатын (Egemen Qazaqstan, 2021).

Қазіргі заманда Отандық тарих ғылымы алдында жаңа міндеттер мен талаптар қойылды. Соның бірі халқымыздың өз тарихын бүгінгі биік талаптар түрғысынан зерделеп, жаңа қоғамға сай баға беру болып табылады. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі кезінде еліміздің Кеңес дәуіріндегі әлеуметтік-демографиялық жағдайы кең де терең зерттелуде.

Халқымыздың ежелгі кезеңнен бастап қазіргі күнге дейінгі тарихи жолында күрделі кезеңдер өтті, бұл жерде әлі де толық зерттеуді қажет ететін тұстардың бар екенін байқауға болады. XX ғасырдың 20-30 жылдары өз жерінен өзге елдерге ауа көшіп, халықтың демографиялық жағдайының төмендеуіне ықпал еткен себеп-салдарларды ашып көрсету, осы арқылы төл тарихтың түгелдеуіне үлес қосу ізденіс жүргізу бағытындағы мәселелердің бірі болып табылады. Ф. Голощекиннің саяси зұлымдық әрекеттері қазақ халқының республика аумағынан тыс жерлерге ауа көшіп, қоныс аударуларына, босқыншылыққа ұшырауына әкеліп соқтырды. Отандық тарих ақиқаты жас буын ұрпақ үшін болашаққа аса керекті асыл дүние болып табылатыны айқын. Сондықтан да қуғын-сүргіннің қысымымен және аштық болуымен

байланысты босқындыққа ұшыраған қазақтардың өзге елге барып паналау тарихын зерттей беру, көз көргендер мен олардың ұрпақтарын тауып естеліктер жинау маңызды міндет.

Материалдар мен әдістер: Зерттеулік материалдарды, оқулықтар мен ғылыми еңбектерді, архивтік деректерді жинау және талдау бойынша негізгі әдістер мақаланы даярлау кезінде жүйелі түрде жүргізіліп отырды. Тұтастай алғанда зерттеу тақырыбы төл тарихтың ақтаңдақ беттерін ашуды, халқымыздың басынан өткен күрделі кезеңнің тұстарын нақты дерек көздеріне сүйене отырып айқындауды қамтыды. Жұмыс жүргізу барысында нақты тарихи, салыстырмалы тарихи, талдау, жинақтау және қорыту әдістері қолданылды.

Нәтижелері. Қазақ халқының Ресейге бағынған бергі этнодемографиялық тарихи жолын негізінде ірі-ірі үш дәуірге бөлуге болады:

- бірінші - отарлық дәуір, XVIII ғ. 30-жылдарынан бері 1917 жылға дейін;

- екінші дәуірі - 1917-1991 жж., яғни Кеңес заманы. Бұл қазақ халқының екі орыс революциясын, азамат соғысын, талай ашаршылықты (1918, 1921 және 1931-1933 жж.), қуғын-сүргінді, зорлық-зомбылықты көрген, ұлттық дәстүрлер мен тілге нұқсан келген, әліппенің үш рет өзгерген, сырттан көші-қонның ірі-ірі толқындары елдегі демографиялық ахуалды күрт өзгерткен және т.б. келеңсіз жағдайлардың салдарынан қазақ ұлтының өзі ата қонысында азшылыққа айналған дәуір. Бұл дәуірдің өзін екі үлкен кезеңге бөлуге болады: 1-кезең 1917-1959 жж. – қазақтардың өз елінде 58,7%-дан, 28,9%-ға түскен кезеңі; 2-кезең – 1959-1991 жж. қазақтардың біртіндеп үлесі өскенімен (40%), әлі де келімсектерден аз болған кезең.

- үшінші дәуір – Тәуелсіздік дәуірі – 1991-2011 жж. қазақтардың өз елінде біртіндеп, көпшілікке айналған дәуір (Асылбеков, эл. ресурс).

Этнодемографиялық тарихи жолдың екінші дәуірдегі, яғни ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы кезеңдер ел үшін ауыр жағдайда болды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Қазақстанды басқаруда билік өз саясатын жүргізіп, түрлі өзгерістерді, солақай жүйені енгізе бастады. 1925 жылдан бастап Қазақ Өлкелік партия комитетінің жауапты хатшылығына Ф. Голощекиннің келуі, оның «Кіші Қазан» идеясы, ұжымдастыру саясаты, байлардың мал-мүліктерін тәркілеу туралы декрет, оларды жер аудару сияқты халықты бағындыруда ұстап күйзеліс әкелген жағдайлар кең-байтақ қазақ даласында ежелден өмір сүріп отырған жергілікті ұлттың амалсыз өзге елдерге ауа көшу мәжбүрлігіне алып келді. Бұл әрине, халықтың демографиялық жағдайына қатты әсер етті.

Қазақстан жеріндегі ұжымдастыру салдарынан шет жерлерге, басқа аймақтарға көшіп кетудің кең өріс алуы, қазақ халқының өз Отанында азайып көршілес республикаларда және одан тыс елдерде тұрып, өмір сүруіне алып келді. Нақтырақ айтқанда республикадағы ішкі немесе сыртқы көші-қонына байланысты қазақтардың өзінің Отанындағы халықтар арасындағы үлесінің азайып, ал керісінше дүние жүзі бойынша олардың санының өскендігін байқаймыз. Енді, қазақ халқының сыртқы көші-қон жағдайын тарихи демографиялық жағынан алып қарағандағы олардың жалпы саны немесе көршілес республикалар мен бұрынғы Одақтас мемлекеттерде орналасып, және шетелдерде шоғырлану мәселелерінде қазақ халқының бүкіл дүние жүзінде, Кеңестер Одағы мен шет елдерде бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі орналасуы зерттеліп отырған жылдары да сақталып, өз ерекшеліктерін анықтай түсті. Қазақтардың арасындағы көшіп-қону жағдайларының артуы нәтижесінде олардың территориялық орналасуында, яғни бұрынғы Кеңес Одағында, оның ішінде республикаларда, сонымен бірге шет елдерде тұруында үлкен өзгерістер болды. Бұл өзгерістер әсіресе, 1920-1930 жылдары байлардың шаруашылығы мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару, қазақтарды жаппай зорлап отырықшыландыру мен ұжымдастыру кезінде Кеңес Одағының басқа аймақтары түгіл, шет елдерге ауа көшуінің тікелей нәтижелері болды.

1920-1930 жылдары қазақтардың сыртқа көшуі олардың өз республикасындағы саны мен үлесіне кері әсер етті. Дегенмен қазақтардың басым көпшілігі, үлесі азайғанына қарамастан, өз Отанында тұрып, өмір сүрді. Тек 1926-1939 жылдары арасында Одақтың басқа аймақтарында тұратын қазақтардың саны 868 мыңға дейін жетіп, үлесі 8,6 пайыздан 24,9 пайызға дейін өсті. Өз республикасында тұратын қазақтардың саны 1,300 мыңға жуық кеміп, үлесі 91,4 пайыздан 75,6 пайызға дейін төмендеді. Дегенмен кейінгі 20 жыл ішінде (1939-1959 жылдары) өз Отанында тұратын қазақтардың саны да, үлесі де өсе бастады: 1959 жылы Одақтың басқа аймақтарында тұратын қазақтар 22,8 пайыз (922 мың адам) болса, өз республикасындағылардың үлесі 77,2 пайызға жетті. Кеңес Одағының басқа республикаларында тұратын қазақтардың көбірек шоғырланған жерлері - Ресей (1939 жылы 10,0 пайыз, 1959 жылы 9,0 пайыз), Өзбекстан (8,9 пайыз және 7,9 пайыз), Түрікменстан (1,8 пайыз және 1,6 пайыз) және тағы басқалар (Талдыбаев, электр ресурс).

1926 жылы жүргізілген Бүкілодақтық бірінші санақтың нәтижелері бойынша (Қарақалпақ автономиялық облысын қоспағанда) өз жерінде 3 млн 628 мың қазақ (кейбір деректе 3 млн 713 мың 394 адам деп беріледі - *авт.*) өмір сүрген екен. Арадағы 10 жылдан аса кейін, яғни 1939 жылы болған екінші санақ нәтижесі бойынша Қазақ КСР-нің аумағында 2 млн 307 мың қазақ өмір сүрді. Бұл соңғы санақта халықтың 36,7 %-ның азайғанын байқатады (Татимов, 1990). Халық санағындағы мұндай цифрлардың

болуы орталықтан тікелей басқарылған тоталитарлық зұлмат жылдардағы қиыншылықтардың туындауы, кеңестік саясаттағы асыра сілтеулер болып табылатын мал-мүліктердің күштеп тартып алына бастауы, колхоз құрылысы бойынша ауыл-аймақты, күнкөріс есебіндегі шаруашылықтарын бір жерге жинап орналастыру, аштыққа ұрыну, елдің амалсыздан ауа көшіп, босқындыққа ұшырауларының көрінісі еді. Сыртқы көші-қонда Қазақстандағы кеңестендіру саясатының нәтижесі, ұжымдастыру науқанында қазақ байларын тәркілеп, қуғындау мәселелерінің өріс алуы, және ұжымдастырудың салдарынан келген ашаршылық апатының қайғы-қасіреттеріне шыдай алмаған қазақтар көршілес республикалар мен одақтас мемлекеттерге, одан арғысы шетелдерге қоныс аударып, көшіп кетуінің нәтижесінен қазақ ұлты өз туған жерінде аз ұлтқа айналды.

Кенес өкіметі партиясының саясаты мен бағытының қателігінен қазақтар 1930 жылдың бас кезінен республикадан тыс жерлерге жаппай ауа көшуге мәжбүр болады. Жат жерлерге барғандардың жағдайы өте нашар болды. Тұрғылықты халық санына көші-қон қатты шығын әкелді. Халықтың бастапқы жиынтық санының төрттен бірі, яғни 1 030 мың адам республикадан тыс аймақтарға көшіп кетті. Оның 616 мыңы оралмады, ал 414 мыңы кейін Қазақстанға қайтып келді. Мамандардың бағалауы бойынша оралмай кеткен 200 мыңға жуық адам шет елге – Қытайға, Моңғолияға, Ауғанстанға, Иранға және Түркияға жол тартты (Қазақстан тарихы, 2010). Күштеп ұжымдастырудың көрінісі – жаппай ашаршылық және аштықтан қырылу, босқан елдің республикадан тыс жерлерге көшіп кетулері еді. ОГПУ органдары солақай саясаттың дүрбісімен жат жерлерге көшіп кетуші қазақтарды қадағалап отырды да шекара бұзып, шетел асқандардың әрекеттерін байлардың асып-сасып, жаппай шетелге қашулары деп білді.

1932 жылы 9-көкекте Қазақ өлкелік партия комитеті өзінің арнайы шешімімен Қырғыз облыстық партия комитетінен, ондағы ОГПУ органдарынан көшіп барған «байлардың және ұлтшылдардың» малдарын Қазақстанға қайтаруды талап етті. Қазақтардан ашаршылықтан қашып барған амалсыз босқындық қадамдары «мемлекеттік тапсырмаларды орындаудан тасаланып қалу формасы ретінде» бағаланды (Қойгелдиев, Омарбеков, 1993). Осы тұста жақын жерлердегі республикалардың ішінен Қарақалпақстанға ауа көшкен елдің жағдайы туралы мағлұматтар бере отырып, олардың кейінірек туған жерге оралу тарихына тоқталамыз.

Қазақстан жеріндегі жаппай босулар 1930 жылдың көктемінен бастап республиканың шығыс және оңтүстік аудандарында да көбейе бастайды. Қазақстанның финанс халық комиссариатының 1931 жылдың 9 тамызында республика Өлкелік партия комитетіне жолдаған мәліметіне қарағанда 1930 жылы және 1931 жылдың 5 тамызына дейін Қазақстанның тек 27 ауданынан ғана (қалған 47 ауданның мәліметтері есептелмеген) Орта Азия жеріндегі көрші республикаларға және Қытайға көптеген қазақ шаруа қожалықтары көшіп кеткен. Мысалы, Өзбекстанға 3436 қожалық, 187 909 малды айдап кеткен болса, Түрікменстанға кеткендердің осы тәрізді сандары – 7371, 319 725, Тәжікстанға – 1767, 88 350; Қырғызстанға – 1031, 33 595, Қытайға – 563, 2276, ал Қарақалпақстанға – 2355 қожалық, 11 262 малмен өтіп кеткен (Қойгелдиев, Омарбеков, 1993:136). Бұл аймақтар саяси қысымнан құтылу әрекетімен көшіп кету үшін шекаралас жатты, бұрынғы уақыттардан бері бір-бірімен аралас-құралас байланыста отырған халықтар болды.

Қарақалпақ автономиялы республикасы Халық Комиссарлары Советінің РСФСР үкіметіне берген мәлімдесінде Қарақалпақ жеріндегі қазақ босқындары 12830 адамнан тұратын 3060 қожалық деп көрсетілген. Бұл көрсеткіштер біз жоғарыда атаған 1931 жылдың мәліметінен едәуір көп бола тұрса да босқын қазақтардың санын тағы да азайтып отырғанын Сейтқали Мендешевтің оларды Қазақстанға қайтару үшін Қарақалпақ жеріне барғанда берген мәліметтерінен де айқын байқауға болады. Мендешев бастаған уәкілдер Қоңырат ауданынан Қазақстанға 2644 адамы бар 772 қазақ шаруалары қожалығын қайтарды. Ал Қарақалпақ үкіметінің мәліметі бойынша мұнда бұл сандардан әлдеқайда аз – 1129 адамдары бар 327 қожалықтар ғана болуы тиіс еді. Егер Қарақалпақ үкіметі Шымбай ауданында ешқандай да қазақ босқындары жоқ деген ақпар берген болса, ал қазақстандық уәкілдер мұнан да 1044 адамы бар 324 қожалықтарды іздеп тауып, оларды елге қайтуға үгіттеп көндірді. Қарақалпақ жеріндегі қазақ босқындарының санын дәл анықтап алуға Қарақалпақстанның табиғи орналасу жағдайы да едәуір қиыншылық туғызды. Өйткені, бұл өлкенің өзі көрші орналасқан екі бірдей одақтас республикалар жеріне алып баратын арнайы көпір секілді де еді. Қазақтардың кейбір тобы Қарақалпақстанда тұрақтамай соларға өтіп кетіп те жатты. Сондықтан да болу керек, 1929-1930 жылдардан бастап Қарақалпақ жеріне жақындау орналасқан Қазақстанның Қазалы, Арал, Шалқар, Темір, Табын, Ақтөбе және т.б. аудандарынан Голощекиннің жартылай әскери саясатынан ыққан қалың жұрт осы өлкелерге ауа көше бастады (Қойгелдиев, Омарбеков, 1993:137).

Қарақалпақстандағы қазақтардың бір бөлігі ертеден ата-баба жерінде отырды, ендігі бір тобының болуы этникалық территорияны межелеумен байланысты болса, бір бөлігі ашаршылық жылдарында келгендерді құрады (Қалшабаева, 2020). Мысалы 1926-жылы Бүкілодақтық халық санағында Қарақалпақ автономиясындағы барлық 4 округы бойынша 85782 қазақ өмір сүрген, оның ішінде 3675 адам қалалық

жерде, 32107 адам ауылдық жерлерде орналасқан. Қоңырат округінде 8259 қазақ, Шымбайда 28995, Төрткүлде 36523 және Хожеліде 10403 қазақ болды деп есептелді (Шалекенов, 1966).

Жаппай ұжымдастыруға қарсы наразылығының, әрі аштықтан аман қалуының бірден бір жолы халықтың ауа көшулеріне байланысты ХХ ғ. 30-жылдары Қазақстаннан сырт жерлерге 400 мыңға жуық шаруа қожалықтары көшіп кеткен болса, бұның өзі 1920-жылдардың аяғындағы көшпелі және жартылай көшпелі шаруа қожалықтарының 75 %-ға жуық болды (Ж.Ү. Қыдыралина, 2012). Көрші орналасқан мемлекеттерде 1926-1939 жж. санақтар аралығындағы кезеңде ауа көшушілер есебінен қазақтар саны – РКФСР-де – 2,3 есе, Өзбекстанда – 1,7 есе, Қарақалпақияда – 2,5 есе, Түркіменияда – 6 есе, Тәжікстанда – 7 есеге, ал Қырғыз Республикасында – 10 есеге дейін өскен. Осы уақытта көрші республикаларда тұратындардың пайызға шаққандағы көрсеткіші 8-ден 26-ға дейін жоғарылайды. Ауа көшудің салдарынан шекарадан тыс жердегі қазақтар саны екі есеге көбейген екен (Татимов, 1990:108). Жоғарыда көріп отырғанымыздай ауа көшулерге байланысты Қарақалпақ елінде қазақтар саны 2,5 есеге артты.

РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұловтың И. Сталинге 1933 жылы 9 наурызда жолдаған қазақтардың қоныс аударуының ауқымы туралы мәліметтер және олардың жағдайы туралы хатында шамамен алынған мәліметтер бойынша Қазақстанмен көршілес жатқан өлкеге көшіп-қонып жүрген жерден алынған соңғы деректер негізінде қазақтардың 40 мыңы Орталық Еділде, 100 мың адам Қырғызстанда, 50 мың адам Батыс Сібірде екенін айта келе Қарақалпақстанда 20 мың адам, Орта Азияда 30 мың қазақ барын жазады. Қоныс аударушылар тіпті Қалмақ автономиялы облысына, Тәжікстанға, Солтүстік өлке және т.б. шалғай жерлерге де көшіп барған (Рысқұлов, 2007).

Жаппай көшудің артуына Қарақалпақ жеріндегі едәуір қолайлы саяси ахуал да өз септігін тигізді. Қонақты қазақтар тәрізді «құт» деп білетін қарақалпақтар қазақ босқындарына қонақжайлық танытты, іргеден қуа қойған жоқ. Мұның өзі алғаш көшіп барғандардың Қазақстанда қалған туыстарын да жылы орындарынан қозғап, босқындардың жаңа толқындарын үздіксіз туғызумен болды. Дегенмен Қарақалпақ жеріндегі өкімет мекемелері көшіп келгендердің қадамын уақытша нәрсе деп ойлаған болу керек, келгендерді арнайы есепке алуға да асыға қоймаған. Басқа жерлерге ауа көшкен қазақ босқындарға қарағанда Қарақалпаққа қоныстанған қазақтар төрт түлік мал өсіруге өте қолайлы, негізінен тек мал шаруашылығымен жан сақтап, күнелтетін аймақтардың тұрғындары еді. Сондықтан да болар олар, Қарақалпақстан жеріндегі базарларда негізгі мал сатушыларды құрады (Қойгелдиев, Омарбеков, 1993:137). Қазақтардың малдарын сатып алып, жағдайларын жөндей түскен қарақалпақтықтар мемлекетке ет, жүн, сүт тапсырудың 1930 жылдан кейінгі 2-3 жылдар ішіндегі жоспарларын тек қазақтардың малдарының есебінен орындап шыққан болады. Бірақ, 1933 жылдың басына қарай базарларда өнімдердің және товарлардың үздіксіз қымбаттай түсуі жағдайында Қарақалпақтағы босқын қазақтардың тұрмысы біртіндеп ауырлай түсті. Олардың көпшілігі малдан мүлде айрылды, ашыға бастады. 1933 жылдың көктеміне дейін жоғарғы органдарға уәде берген қарақалпақ жерінің жергілікті өкімет мекемелері шын мәнінде қазақтарға ешқандай елеулі көмек көрсете қоймады. Қарақалпақ облыстық партия комитетінің нұсқауында және Халық Комиссарлары Советінің қаулысында босқын қазақтарды жергілікті жерлерде есепке алу және оларды орналастыру туралы арнайы айтылғанына қарамастан, жергілікті жерлердегілер оларды орындауға, немкетті қарап, мән бермеді (Қойгелдиев, Омарбеков, 1993:138). Әсіресе қазақ балаларының жағдайлары жантүршігерліктей, адам төзгісіз аса ауыр болған. С. Меңдешев бастаған уәкілдер Ходжелідегі және Шымбайдағы жетім қазақ балаларына арналған балалар үйлерін көрген кезде және Қоңыраттағы балалар үйінің материалдарымен танысқан кезде мұны анық байқаған [Қойгелдиев, Омарбеков, 1993:139]. 1933 жылға қарай Қарақалпақстан аумағына 3358 шаруашылық немесе 47578 қазақ қоныс аударған, оның ішінде 2357 жетім балалар болды.

Қазақ қоныс аударушыларын орналастыру үшін Қарақалпақстанның АКСР ХКК мен ОАК жанынан комиссия құрылды. Комиссия аудан белсенділерін ауа көшушілерге көмек көрсетуге жұмылдырды, 1933 жылы 13-сәуірде Шымбайда аудан аралық мәжіліс өткізіліп, онда қоныс аударушыларды шаруашылық пен өндірістік мекемелерде жұмыс орындарымен қамтамасыз ету мәселелері қаралады.

1933 жылдың 1-шілдесінде БКП (б) Қарақалпақ партия комитеті Қазақ өлкеліккомы мен Қазақ КСР ХКК жолдаған телеграммасында, Қарақалпақстандағы қазақ-қоныстанушыларын орналастыру жоспары хабарланды. 3358 шаруашылықтың ауыл шаруашылығында – 1215, өндірістік шаруашылықта – 1243-і орналастырылады деп жобаланған болатын. Сонымен қатар, 900 шаруашылық Қарақалпақстанда мүлдем қалуға келіспей Қазақстанға қайта оралды (Қобыландин, Меңдікүлова, 2009).

Осындай жағдайларда ауа көшіп барған халықтың өз жеріне қайта оралу ниеттері туындады, сонымен бірге Қазақстан үкіметіндегі жергілікті билік босқын қазақтарды шақырып, аудандарға орналастыру мәселелерін қолға ала бастады. Босқындарды Қазақстанға қайтару жұмысының жандануына ауа көшушілердің өздерінің де туған жерге қайтуды ойлай түсулері ғана емес, сонымен бірге Голощекиннің орнына Л. Мирзоянның хатшы болуы да ықпалын тигізді. 1933 жылдың басында билік басына келгеннен кейін аштықты, көшу-босуды тоқтатамыз, тұрмысты жақсартамыз деген баяндама жасаған Л. Мирзоян мұндағы хал-жағдайларды біле, таныса келе ауылдар және аудандардағы шаруаларға

көмек көрсету шаралары жүзеге асыра бастайды. Ол VIII Қазақ өлкелік партия конференциясында сөйлеген сөзінде партия Өлкелік комитетінің өткен жылдағы басты міндеттерінің және толғандырған мәселелерінің бірі ауа көшуді тоқтату және ауа көшушілерді шаруашылық орналастыру жұмыстарын кеңінен өрістетуге болып табылғанын баяндады. Бұл жұмысты табысты түрде жүзеге асыруда ауа көшушілердің шаруашылығын нығайту бойынша бірқатар жеңілдіктер жасау арқылы Партия Орталық Комитетінің қаржымен, малмен, нанмен көмектесуі орасан зор рөл атқарды. Сонымен бірге аталмыш шаралар ауа көшушілердің шаруашылығын дамытуға және ауа көшуді тоқтатуға берік негіз жасады.

Дегенмен, Мирзоян орналасқан ауа көшушілер керемет орналасып қоныстанған, олардың жаңа қозғалысына қауіптенуге ешқандай негіз жоқ деп ойлау қате болар еді. Бұл ауа көшушілердің шаруашылық орналастыру ісінде әлі де көп кемшіліктер бар, біздің ұйымдар бұл кемшіліктерді көруі, тоқтап қалмауы, керісінше, ауа көшушілерді түпкілікті қоныстандыруға және шоғырландыруға бағытталған шараларды жан-жақты күшейтуі тиіс дей отырып, «көшпелі және жартылай көшпелі аймақтарға оралған халықтың көптігін ескермеуге болмайды, керісінше, олардың осы аймақтарға қоныстануына жан-жақты көмектесуіміз керек, ең алдымен малмен, нанмен және ең болмағанда тұтыну нормасы шегінде егіс жұмыстарын ұйымдастырумен көмектесуіміз керек» деп нақтылады (ТОМА, 297:1). Өлкелік партия комитетінің алдына барлық нашар орналастырылған шаруашылықтарды және әсіресе күтілетін оралушыларды толық орналастыру қажеттігі туралы айқын және нақты міндет қойылды. Осылайша, ауа көшіп кеткендерді қайтару және оларды шаруашылыққа тарту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып, жүзеге асады. Жағдайдың түзеле бастауы ауа көшуші босқындардың ата қонысына орала бастауына себеп болды.

Бастапқы кезде бұл маңызды істер дұрыс ұйымдастырылмады. Қайта оралған босқындарды алыс аудандарға орналастыру кейбір жерлерде ешбір даярлықсыз жүргізілгендіктен, жол азабын көрген босқындар тағы да аштан және аурудан қайтыс болды немесе жолда қашып кетіп, республика елді мекендеріндегі онсыз да көп босқындар санын көбейте түсті. Мысалы, Ақтөбе облыстық партия комитетінің Табын, Ойыл, Жетіқара және Жылқосы аудандарына Қарақалпақстаннан оралған босқындарды орналастыру әрекеті осылай көрініс берді. Оларға жіберілген 320 адамнан тұратын босқындардың ірі бір тобы жолда жан-жаққа тарай қашып, із-түзсіз кетті. Жол үстінде тамаққа жарытпаған үкімет уәкілдерінің, алыс аудандарда азық-түлікке ие боласындар дегеніне олар сенбейді.

Қазақстанға алып келінген аш босқындарды орналастырудағы бұл істе орын алған олқылықтарға жергілікті партия, совет органдары кінәлі болды. Кейбір облыстар мен аудандар Голощекиннің кезінде қалыптасқан аш босқындарды «байлардың және ұлтшылдардың үгітіне ілесушілер» деп санайтын біржақты да үстірт, немкетті де тасбауыр пиғылдың бұлыңғыр тұманынан айыға алмады. Сондықтан да олар Қарақалпақ жерінен оралған аштарды дер кезінде күтіп алмады, өздерінің уәкілдерін де кештетіп жіберді, оның үстіне оларды жиі-жиі ауыстырып, жұмыстың жүйелі жүргізілуін қиындатты.

Ауа көшуші-оралушыларды орналастыру туралы Оңтүстік Қазақстан обкомы БК/б/П бюросының хаттамалары және 1933 ж. бюро хаттамаларының көшірмесінде Обком ауа көшуші-оралушыларды орналастыру бойынша аудандық партиялық және кеңестік ұйымдардың жұмысын қанағаттанарлықсыз деп санайтыны жазылған. Көптеген аудандық, партиялық және кеңестік ұйымдар бұл жұмысқа тіптен кіріспегені, көпшілігі жарты жолда тоқтаған – тамақтануды ұйымдастырған, осымен шектелген; қайта көшіп келушілерді колхоздарға, кәсіпорындарға, артельдер мен ЖЭС-терге (Жерді бірлесіп өңдеу бойынша серіктестік) ұйымдастыру ісінде нақты басталмағаны, сонымен бірге облыстық кеңестік және шаруашылық ұйымдардың (Облснаб, ОблОНО, Трактороцентр, Облпотребсоюз және Тресттер) қайта көшіп келушілерді орналастыру ісінде аудандарға көмек көрсетпегені туралы атап көрсетілген. Обком бұл істі негізгі жұмыстардың бірі ретінде барлық облыстық және аудандық ұйымдарға ауа көшушілерді орналастыру бойынша жұмысқа бірден қосылуды міндеттейді, Обком аудандық және облыстық ұйымдарға ол ұйымның жұмысын тек тікелей жұмыс көрсеткіштерінің орындалуымен ғана емес, сонымен бірге қоныс аударғандарды орналастыруға қатысу бойынша да бағалайтынын ескертеді (ТОҚСТМА, 456:43).

Ауа көшкен халықтың оралулары бойынша туған жерге жетуінің өзі оңай болған жоқ. Қазақ босқындары елге екі түрлі жолмен құрлық арқылы Қоңырат және Тақтәкәпір жерімен және су жолымен – Арал теңізімен қайтты. Алғашқы жолмен 1933 жылдың желтоқсанына дейін 257 шаруа қожалықтары 258 жылқы мен түйені, 320 қой мен ешкіні, 422 есекті айдай жүрді. Ал Арал теңізімен 8000 адамнан тұратын 2500 отбасы қайтып оралды (Қойгелдиев М., Омарбеков Т., 1993:139). Мысалы, 1934 жылы 3-шілдеде Қарақалпақстаннан оралушы қазақтардың 7000 шарушылығын орналастыру бойынша Оңтүстік Қазақстан Обкомы БК/б/П Бюросы Қазкеңхалкомға (Казсовнарком) тез арада Арал теңізі арқылы Қарақалпақстаннан оралушы қазақтардың 7000 шарушылығын қабылдауға кірісуді және шарушылық орналастыруды ұсыну, Оңтүстік Қазақстан бойынша 3150 шарушылық, Ақтөбе облысы бойынша 1200 шарушылық және Алматы облысы бойынша 1900 шарушылықты, ал қалған 750 шарушылықты

Халкомауөнд (Наркомтяжпром), Түрксіб темір жолы мен ШарХК (НКХоз) құрылысы бойынша бөліп орналастыруды міндеттейді.

1934 ж. 5-шілдедегі Оңтүстік Қазақстан Обкомы БК/б/П Бюро отырысында (№ 66-хаттама) Қарақалпақстаннан оралған 3150 шаруа қожалығының орналасуы жөнінде тыңдалым болып, оларды төменде көрсетілген аудандарға бөлу туралы Облаткомның ұсынысын қабылдауда қаулы етілді: мақталы колхоздар үшін Әулиеата ауданына 200 шаруа қожалығы, Жаңақорғанға 300 шаруа қожалығы, Арыс ауданына 150 шаруа қожалығы, Келеске 800 шаруа қожалығы, Сайрам ауданына 200 шаруа қожалығы, барлығы 1650 шаруа қожалығы, ал қант қызылша өнімі колхоздары үшін Әулиеатаға 800 шаруа қожалығы, Мерке ауданына 700, барлығы 1500 шаруа қожалығы орналасатын болды (ТОҚСТМА, 456:41). Бұл жерде әр аудан бойынша қант қызылша өнімі колхоздарына қарағанда отбасы шаруашылықтарының мақталы колхоздар үшін көптеп орналасуларына назар аударылған.

Бірінші кезекте ауа көшушілерді күшейтілген колхоздарға, артельдерге және ТОЗ-дарға жұмыс қолының болуын есептей отырып бөліп орналастыру, өнеркәсіп мекемелері мен совхоздардың басшыларын қара жұмыс күшіне қажеттілік кезінде ауа көшуші-оралушыларды қабылдауда басымдық беруді, сондай-ақ Ауком және Саяси бөлім жетекшілеріне колхоздардағы кең таралған көпшілік жұмыстар арқылы колхоздар Басқармасы мен колхозшылар жағынан көшіп келушілерге ұқыпты және қамқорлық қатынас орнатуды міндеттеуге мән беріледі (ТОҚСТМА, 204:112). Босқындарды Қарақалпақстаннан қайтарып алу жұмысында қаржы-қаражат, азық-түліктер бөлінді, киімдермен де қамтамасыз етуі керек болды.

Ал Қазақстанан тыс жерлерде орналасқан қазақ шаруа қожалықтары мен Қазақстан аудандарына қоныс аударуға ынты білдіріп, келгісі келетіндер және осындай ауа көшу бойынша 1935 жылғы желтоқсан айындағы мәліметте қазақтардың туған жеріне қайта оралуы бойынша жүргізілетін іс-шаралар қатарында қоныстанушылар үшін ауыл шаруашылығы салығынан босату сияқты жеңілдіктер болатыны беріледі. Облыстар мен өлкеге Қазақстанға қайта оралатын қазақтарға бүкіл қоғамдастырылған мүлкімен, үлестік жарнасымен қайтаруды міндеттейтін шешім шығару, қоныстанатын шаруа қожалықтарына шаруашылық орналастыру және мал алу бойынша бағытталған шараларды жүзеге асыру жоспарланды.

Облыстар мен өлкелерде қазақтардың қайта оралуларын жүзеге асыру үшін құрылған бригадалардың іс-сапарлары ұйымдастырылады. Басқа республика жерлеріне, атап айтқанда Өзбекстан және Тәжікстанға, Қырғыз жеріне, Түркіменстан, Орынбор мен Паволжьеге, Сібірге баратын бес бригадалардың ішінде Қарақалпақстанға да жіберу көзделді. Көрші республикалардағы қазақтарды қайта оралту бойынша Абдрахманов, Жанұзақов, Адамовтар Қарақалпақстан және Түркіменстанға баратын бригадалардың мүшелері болып табылды (ҚР ОМА, 365:3).

1936 жылы Қазақстаннан тыс жерде орналасқан қазақ шаруа қожалықтары Отанына қайта қоныс аударып, көшіп келуге ниет білдірді. Ауа көшушілердің өздерінің өтініштері және ЖХК Өкілеттіліктерінің материалдары бойынша мәліметте ауа көшуші қазақтардың орналасқан жерлері, ауа көшу аудандары және шаруа қожалықтарының саны көрсетілген. Мысалы, Қарақалпақ АКСР-не Шалқар ауданынан 43 шаруа қожалығы 3 колхозға орналасқан, олар өз аудандарына қайтып оралуын сұрайды (ҚР ОМА, 365:5).

Жылдар бойынша оралған шаруа қожалықтарының санына қарасақ, 1932 жылы 10532 шаруа қожалығы, 1933 жылы 10957, 1934 жылы 4950 шаруа қожалығы және 1935 жылы 397 шаруа қожалығы, барлығы 26836 шаруа қожалықтары оралғанын көруге болады. Бұл сандар олардың ең қарқынды қайта оралулары 1932 және 1933-жылдары болғанын байқатады. Осыдан кейін келіп жатқан шаруа қожалықтарының саны күрт түсіп, 1935 жылы 1-желтоқсандағы жағдай бойынша оралуы күтілетін 800 шаруа қожалықтарынан (алдын ала мәліметтер бойынша) 397-сі қайтып оралды.

Көп жағдайда оралушылар үшін бұрынғы жер телімдерін қалпына келтіру мүмкін емес болған. Сол кездің өзінде жұмыс істеп тұрған колхоздарға мемлекеттік акт құжаттарын тапсыруға байланысты жер телімдерін бекіту бойынша көптеген жұмыстар атқарылады (ҚР ОМА, 365:10).

1936 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының аудандарына қайта оралушылардың шаруа қожалықтарын шаруашылық орналастыру бойынша жұмыстар бойынша ұйымдастыру шаралары алдыңғы жылдармен салыстырғанда аймаққа ерікті түрде келген шаруа қожалықтарын ғана қамтыған. Осы жылы шаруа қожалықтарын жоспарлы қоныстандыру (көшіріп апару) жүргізілген жоқ. Қайта келген шаруа қожалықтарын тікелей орындарында шаруашылық ұйымдастыру бойынша жұмыстар 1936-шы жылға дейін көрші республикалардан шаруа қожалықтарын көшіру жоспарлы түрде жүргізілгеніндей сияқты жарқын сипатқа ие болмады.

Аудандардан алынған деректер қайтарылған шаруашылықтардың есепке алынған контингенті бойынша келесідей көрініс береді: 17 ауданның берген мәліметі бойынша 1936 жылы қайта оралушылардың есепке алынған шаруашылықтарының жалпы саны – 4694, оның ішінде 4525-і ерікті түрде келгендер болса ұйымдастырылған түрде көшірілгендер 169-ды құрады. Қайтып оралғандардың

шаруа қожалықтарының негізгі бөлігінің 97 %-ы мемлекет тарапынан ешқандай көмегінсіз өз еркілерімен келген (ТОМА, 114:1).

1936 жылы облыс аумағына оралған шаруашылықтардың келуін негізінен мына себептермен түсіндіру керек:

а) колхоздардың нығаюы, олардың мүшелерінің, оның ішінде 1935 жылы және одан да бұрынғы жылдары келген оралмандардың, көршілес республикаларда қалған шаруашылықтармен байланысы болғандардың материалдық жағдайының артуы;

б) 1935 жылы Орта Азия республикаларынан оралғандарды жоспарлы түрде көшіруді ұйымдастыру кезінде ауа көшушілердің шаруашылықтары арасында ҚазОАК бригадаларының көпшілік түрдегі жұмыстарының ауқымды жүргізілуі.

1936 жылы 1935 жылдағы сияқты қайта оралған шаруа қожалықтарының үлкен саны Өзбек КСР-нен келгендерді құрап, олар Пахта-Арал, Қызылқұм, Келес, Қаратас, Арыс, Шымкент, Шәуілдір, Қызылорда, Қармақшы, Ленгір аудандарына, Қырғыз жерінен келгендер Меркі, Мирзоян, Сарысу, Талас, Сайрам аудандарына орналасты. Ал Қарақалпақтан оралған ауа көшушілер Қазалы ауданына келіп орналасты (ТОМА, 114:2).

Аудандардағы қайтып оралғандар мен аз қамтылған колхоздарға көмек көрсету бойынша жергілікті бюджеттің жалпы сомасынан 507000 рубль қаржы тұратын аудандардағы қуаттылығы аз колхоздар үшін тұрғын үй құрылысына бөлінеді. Қалған 1468000 рубль көрші республикалар мен аймақтардан оралған шаруашылықтарға көмек көрсету үшін ұйымдастыру шығындарына бөлу қарастырылады. Сонымен, 1936 жылғы жоспарда шағын колхоздарға көмек көрсету үшін 1227000 рубль бөлу қарастырылған, оның 720000-ы мемлекеттік бюджеттен және жергілікті бюджеттен 507000 рубль қаржыны құрылысқа жіберу қарастырылған. Мелиорацияға және жерге орналастыруға бөлінген қаражат 1937 жылы қоныстандыру жұмыстарын жүргізу үшін база дайындауға жұмсалады (ТОМА, 105:23). Сондай-ақ ҚАКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысында Талас ауданындағы орналастыру жұмыстарын ұйымдастыру шығындары (көлік, жолда тамақ және т.б.) көрсетіліп берілген. Өзбекстаннан келген оралушылардың 375 шаруашылығына Мирзоян қаласы 15000 рубль бөлуі, Келес өңіріне Орта Азиядан келген 110 шаруашылықты ұйымдастыру шығындары мен бастапқы орналастыруға 20000 рубль, Сайрам ауданының мақталық колхоздарына 80 шаруа қожалығын көшіріп, орналастыру үшін 8000 рубль, ал Қызылқұм ауданына қайта оралушылардың 200 шаруашылығына 10000 рубль (ТОМА, 297:17) бөлу керек болды. Жергілікті билік тарапынан осындай қаржылық көмек беріліп, колхоз жұмыстарына тарту істеріне Орта Азия республикалары ішінен қарақалпақ жерінен оралған ауа көшуші қазақтар да қамтылды.

Қорытынды. Қарақалпақ жерінен қазақтардың кейін оралуы 1935 жылға дейін тоқтамайды. Бірақ жырақтан түгелдей қайтпай, Қазақстанға келе алмай сол жерде қалған қазақ ұлтының өкілдері көп болды. Жоғарыда жазып өткеніміздей 1933 жылдың ақпанында жаңа басшылықтың келуімен байланысты БК(б)П Қазақ өлкелік Комитетінің кеңейтілген VI пленумы өткен екі-үш жылдан кейін 400 мыңнан аса ауа көшкендерді өз жерлеріне оралтып, колхоздарға орналастыру мүмкіндіктері жасалды. Өкінішке қарай ауа көшкендерді туған жеріне қайтару істері күрт үзілумен байланысты толық аяқталған жоқ. Л.И. Мирзоян басшылығының өзі саяси қуғын-сүргінге ұшырайды. Тек бұл жұмыстардың ұйымдастырылуының екінші кезеңі кейінірек, 1950 жылдардың ортасынан бері қарай 1960 жылдары да жалғасады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан Республикасының Президенті. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // *Egemen Qazaqstan*, № 2, 5 қаңтар, 2021 жыл. 2 б.

Асылбеков М.Х. Қазақстан тарихи демографиясының қалыптасуы // <https://el.kz/news/archive/content-1478/> (Қаралған мерзімі: 28.11.2021).

Талдыбаев Ж. Көші-қон тарихы: ғалымдар не дейді? // <https://abai.kz/post/73032> (Қаралған мерзімі: 11.02.2022)

Татимов М.Б. Демографические последствия перегибов в коллективизации: «белые пятна» в исторической демографии Казахстана. Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстане: Опыт и проблемы. Алма-Ата: Ғылым, 1990. 200 с.

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) Бес томдық. 4-том. Алматы: «Атамұра», 2010, 752 б.

Қалшабаева Б. XX ғ. 20-50 жж. Орта Азиядағы қазақтардың қалыптасу тарихындағы саяси-өлеуметтік факторлар. *Отан тарихы* № 4 (92) 2020. 100 б.

Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? Алматы: Ана тілі, 1993. 208 б.

Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Амударьи. К истории взаимоотношений народов Каракалпакии в XVIII – XX вв. (Отв. Ред. Д-р ист. наук проф. Х.Ш. Иноятов). Т., Фан, 1966. 156 б.

Қыдыралина Ж.Ү. Қазақстандағы ұжымдастыру мен ашаршылық салдарынан халықтың жаппай көшуі. «Қазақстандағы ашаршылық: халық қасіреті және тарих тағылымы» Халықаралық ғылыми конференция

материалдарының жинағы. 31 мамыр – 1 маусым 2012 жыл / Б.Ф. Аяғанның жалпы редакциясымен. Астана: Мемлекет тарихы институты, 2012. 354 б.

Рысқұлов Т.Р. Шығармаларының толық жинағы. Полное собрание сочинений. Т. 4. 368 бет. Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007, 325 б.

Қобыландин Қ.И., Мендікүлова Г.М. Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы. Алматы: ДҚК, 2009. 161б.

Түркістан облыстық мемлекеттік архиві (одан әрі - ТОМА) 121-к. 1-т. 297-іс. 1-п.

ТОМА 240-к. 2-т. 114-іс. 1, 2-пп.

ТОМА 249-к. 1-т. 105-іс. 23-п.

ТОМА 74-к. 1-т. 297-іс. 17-п.

Түркістан облыстық қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві (одан әрі - ТОҚСТМА) 40-к. 1-т. 456-іс. 43, 41-пп.

ТОҚСТМА. 40-к. 1-т. 204-іс. 111, 112-пп.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві 5-к. 16-т. 365-іс. 2, 3, 5, 10-пп.

References

Kasym-Zhomart Tokaev, Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti. Tauelsizdik barinen kymbat // Egemen Qazaqstan № 2, 5 kantar, 2021 zhyl. 2 b. [Kasym-Zhomart Tokayev, President of the Republic of Kazakhstan. more expensive than security // Egemen Kazakhstan, № 2, 5 January, 2021 zhyl. 2 b.].

Asylbekov M.H. Kazakstan tarihi demografiyasinin kalyptasuy (Karalghan merzimi: 28.11.2021). [Formation of the historical demography of Kazakhstan] <https://el.kz/news/archive/content-1478/> (Review date: 28.11.2021).].

Taldybaev Zh.. Koshi-kon tarihy: galymdar ne deidi? [History of migration: what do scientists say?] <https://abai.kz/post/73032> (Karalghan merzimi: 11.02.2022)

Tatimov M.B. Demograficheskie posledstviya peregibov v kollektivizatsii: «belye pyatna» v istoricheskoi demografii Kazakhstana Kollektivizatsiya selskogo hozyaistva v respublikakh Srednei Azii Kazakhstane: Opyt i problemy. Alma-Ata: Gylym, 1990. 200 s. [Tatimov M.B. Demographic consequences of excesses in collectivization: "blank spots" in the historical demography of Kazakhstan. Collectivization of agriculture in the republics of Central Asia and Kazakhstan: Experience and problems. Alma-Ata: Gylym, 1990. 200 p.].

Kazakstan tarikhy (kone zamannan buginge dein) Bes tomdik. 4-tom. Алматы: «Atamura», 2010, 752 b. [History of Kazakhstan (from ancient times to the present) Five volumes. Volume 4 Алматы: Atamura, 2010, 752 p.].

Koigeldiev M., Omarbekov T. Tarih tagylymy ne deidy? Алматы: Ana tili, 1993. 208 b. [Koigeldiev M., Omarbekov T. What does history teach? Алматы: Ana tili, 1993. 208 p.].

B. Kalshabaeva. XX g. 20-50 zhzh. Orta Aziadagy kazaktardyn kalyptasu tarikhyndagy sayasi-aleumettik faktorlar. Otan tarikhy № 4 (92) 2020. 100 b. [B. Kalshabayeva. XX century 20s-50s Political and social factors in the history of the formation of the Kazakhs in Central Asia. Homeland History № 4 (92) 2020. 100 p.].

Shalekenov U.Kh. Kazakhi nizovev Amudari. K istorii vzaimootnoshenii narodov Karakalpakii v XVIII – XX vv. (Otv. Red. D-r ist. nauk prof. KH.Sh. Inoyatov). T., Fan, 1966. 156 b. [Shalekenov UH Kazakhs of the lower reaches of the Amu Darya. On the history of mutual relations of the peoples of Karakalpakstan in the XVIII-XX centuries. (Otv. Ed. Dr. East. Prof. H.Sh. Inoyatov). T., Fan, 1966. 156 p.].

Kidiralina Zh.U. Kazakstandagy uzhyndastyru men asharyshlyk saldarynan khaliktyн zhappai koshui. «Kazakstandagy asharyshlyk: khalik kasireti zhane tarikh tagylymy» Khalikaralik gylymi konferensia materialdarynyn jinagy. 31 мамыр – 1 маусым 2012 жыл / B.G. Ayagannyn jalpi redaksiasimen. Астана: Мемлекет тарихы институты, 2012. 354 б. [J.U. Kydyralina. Mass migration due to collectivization and famine in Kazakhstan. Proceedings of the International Scientific Conference "Famine in Kazakhstan: the tragedy of the people and the lessons of history." May 31 - June 1, 2012 / B.G. Edited by Ayagan. Астана: Institute of State History, 2012. 354 p.].

Ryskulov T.R. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy. Polnoe sobranie sochinenii. T. 4. 368 bet. Алматы: «Kazygurt» baspasy, 2007, 325 b. [Ryskulov TR Complete collection of works. Complete collection of essays. T. 4. p.368. Алматы: Kazygurt Publishing House, 2007, 325 p.]

Kobylandin K.I., Mendikulova G.M. Uzbekistandagy kazaktardin tarikhy jane bugingi damui. Алматы: DKK, 2009. 161 b. [Kobylandin KI, Mendikulova GM History and current development of the Kazakhs in Uzbekistan. Алматы: DKK, 2009. 161p.]

Turkestan regional state archive (after - TRSA) 121-k. 1-t. 297-is. 1-p. [Turkestan regional state archive (further - TRSA) 121 Item 1 Case 297. 1-p.].

TRSA 240-k., 2-t., 114-is. 1, 2-pp. [TRSA 240 Vol. Case 114. 1, 2-pp.].

TRSA 249-k. 1-t. 105-is. 23-p. [TRSA 249 Item 1 Case 105. 23-p.].

TRSA 74-k. 1-t. 297-is. 17-p. [TRSA 74 Item 1 Case 297. 17-p.].

State archive of socio-political history of the Turkestan region (after - SASPHTR) 40-k. 1-t. 456-is. 43, 41-pp. [State archive of socio-political history of Turkestan region (hereinafter - SASPHTR) 40 Item 1 Case 456. 43, p.].

SASPHTR 40-k. 1-t.204-is. 111, 112-pp. [SASPHTR. 40 Item 1 Case 204. 111, 112-pp.].

Central State archive of the Republic of Kazakhstan 5-k. 16-t. 365-is. 2, 3, 5, 10-pp. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan 16-t. Case 365. 2, 3, 5, 10-pp.].

**МАЗМҰНЫ
CONTENTS
СОДЕРЖАНИЕ**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ**

Белтенев Ж. М.
ЕСКІ ЖӘДІГЕРЛЕРДЕГІ АРАБГРАФИКАЛЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР
(ҚР ОМА МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....5

Асымова Д.Б.
ҚАЗАҚСТАННЫҢ XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ
ОТБАСЫ ФОТОЛАРЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕРДІҢ ВИЗУАЛДЫ ТАРИХЫ.....19

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
MEDIEVAL HISTORY
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ**

Ошан Ж.
ТҮРКІ ҚАҒАНАТТАРЫ ЫДЫРАҒАННАН КЕЙІН ТОҒЫЗ ТАТАРДЫҢ ДАЛА
БИЛІГІНЕ ҮМТЫЛУЫ, ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ
САЯСИ ОРНЫ МЕН ТАРИХИ РӨЛІ.....28

Aubakirova K.K., Taiman S.T.
HISTORICAL AND CULTURAL FACTORS OF THE TURKIC-ARAB
RELATIONS DURING THE MAMLUKS RULE (13-15 CENTURIES).....36

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
NEW HISTORY
НОВАЯ ИСТОРИЯ**

Саддықов Е.Т., Жүсіпов Н.Қ., Токмұхамедов С.Е.
МӘШҰҢ ЖҮСІПТІҢ ТАРИХИ МҰРАСЫ.....44

Дүйсебаева А.И.
ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ИМПЕРСКОЙ ВЕТЕРИНАРНОЙ СЛУЖБЫ
В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ: НА ПРИМЕРЕ ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (КОНЕЦ XIX ВЕКА).....52

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
SOVIET PERIOD HISTORY
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА**

Кабульдинов З.Е., Рыскулов Т.А.
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ СМАГУЛА САДУАКАСОВА.....62

Жүсіп Сұлтан Хан, Козыбаева М.М., Маслов Х.Б.
О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АЛИХАН БУКЕЙХАНА В ПЕРВЫЕ ГОДЫ
СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В КАЗАХСТАНЕ (1920-1922).....69

Гривенная Л.А.
ВОССТАНИЯ И ГОЛОД 1921-1922-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ:
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ РЕАКЦИЯ НА
АНТИНАРОДНУЮ ПОЛИТИКУ БОЛЬШЕВИСТСКОЙ ВЛАСТИ.....78

Мусагалиева А.С.
О НАРОДНЫХ ВОССТАНИЯХ И ПРОТЕСТАХ В КАЗАХСТАНЕ (1929-1931 ГГ.).....87

Исенов О.И., Купенов Б.К.
1920-1930 жж. ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚОҢЫС АУДАРҒАН
ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ: ОЛАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУІ.....96

Төлентаева К.А. ҚАЗАҚСТАНДА ОРТА АРНАУЛЫ КӘСІБИ БІЛІМНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (XX ҒАС. 20-30 жж.).....	106
Қайыпбаева А.Т., Әбікей А.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫ.....	117
Қабыл А.Ә., Нартбаев Ш.Ж., Мамраймов С.Д. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 1930-ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҚАЛПАҚ ЖЕРІНЕ АУА КӨШҮІ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІККЕ ОРАЛУ ТАРИХЫНАН.....	127
Болтаева С.Ж. ТӘШЕНЕВ ЖҮМАБЕК АХМЕТҮЛЫ – КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТЕКШІ САЯСИ ҚАЙРАТКЕРІ.....	136
Сактаганова З.Г., Ыбырайхан М.Ы. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1964-1985 жж. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: КОМСОМОЛ-ЖАСТАР БРИГАДАЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША.....	144
Борбасов С.М. АЛМАТЫДАҒЫ 1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ.....	155
ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ HISTORY OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN ИСТОРИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА	
Уалтаева А.С., Уалтаев М.Д. ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ НОВЫХ ФОРМ ЗАНЯТОСТИ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ.....	165
Найманбаев Б.Р. ИСТОРИЯ БОРЬБЫ ИНТЕРЕСОВ «СТАРЫХ» И «НОВЫХ» ИГРОКОВ НА МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ в XXI ВЕКЕ.....	174
ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ	
Әбілсейіт Мұқтар, Тұрарұлы А., Жумабаев А. САРАЙШЫҚТАҒЫ «ХАН МОЛАСЫН» ІЗДЕУ ТАРИХЫ.....	186
Хабдулина М.К., Ғайса А.М. НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИССЛЕДОВАНИИ ЭЛИТНЫХ МОГИЛЬНИКОВ САКСКОЙ ЭПОХИ САРЫАРКИ.....	196
Оразбаева А.И. ПОЛИТИКО-ПРАВОВЫЕ ТРАДИЦИИ КАЗАХОВ В XV-XVIII ВВ.....	207
Қалшабаева Б.К., Өзбекбай Ә. ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫ ЖӘНЕ НЕКЕ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ СЫЙ АЛМАСУ ДӘСТҮРЛЕРІ (XIX Ғ. ОРТАСЫ МЕН XX Ғ. БАСЫ).....	216
Арынов Қ.С., Амантуров М.Қ., Малдыбекова Л.Ж. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚТЫҢ ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ: ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	225

**СЫН-ПІКІР
REVIEW
РЕЦЕНЗИЯ**

Аканов К.Г.

РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ Б.Г. АЯГАНА:

ИСТОРИЯ УЛУГ УЛУСА – ЗОЛОТОЙ ОРДЫ: КУРС ЛЕКЦИЙ

АЛМАТЫ, «ЛИТЕРА-М» ЖШС, 2020. 224 Б.....236

**МЕРЕЙТОЙ
ANNIVERSARY
ЮБИЛЕЙ**

АЛДАЖҰМАНОВ ҚАЙДАР СЕЙСЕМБАЙҰЛЫНЫҢ

80-ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ҚҰТТЫҚТАУ239